



010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына

2024 жылғы 2 ақпандағы
№ ДС-43 хатқа

Құрметті депутаттар!

Қарағанды қаласында жедел жәрдем жүргізушісіне заңсыз әрекет жасалуына қатысты депутаттық сауалдарыңызды қарап, мынаны хабарлаймын.

Күдікті адамды іздестіру және ашық сот өткізу мәселелері бойынша

Биылғы 27 қаңтарда азамат Дәкебаев Қарағанды қаласындағы көп пәтерлі тұрғын үйлердің біреуінің ауласында болғанда шақыруға келген жедел жәрдем жүргізушісі азамат Берікқалиға бұзақылық ниетпен денесіне жарақат салып, оқиға орнынан қашып кеткен.

Қабылданған шаралар арқылы ағымдағы жылғы 1 ақпанда күдікті ұсталып, күзетпен ұстауға алынды.

Жәбірленушінің денсаулығына жеңіл зиян келтірілгендіктен, прокуратурамен келісу бойынша азамат Дәкебаевтың іс-әрекеті Қылмыстық кодекстің 293-бабының 1-бөлігі («Бұзақылық») бойынша сараланды.

Ағымдағы жылғы 26 ақпанда қылмыстық іс сотқа жолданды.

Заңнамаға сәйкес қылмыстық құқық бұзушылық онша ауыр емес санатқа жатады, ол үшін – ең жоғары жаза 2 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру, оны анықтау соттың құзырына кіреді.

Қылмыстық істі сотта және сот сатыларында талқылау ашық түрде жүргізілетін болады (Қылмыстық-процестік кодекстің «Жариялылық» 29-бабы). Сот талқылауының жариялылығын шектеуге мемлекеттік құпияларды және заңмен қорғалатын өзге де құпияны қорғау мүдделеріне қайшы келген кезде ғана жол беріледі.

Құқық бұзушылықтарға «мүлдем төзбеушілікке» қатысты

Ішкі істер министрлігі мүдделі мемлекеттік органдармен бірге қоғамда құқық бұзушылықтарға «мүлдем төзбеушілік» қағидатын қалыптастыруға бағытталған профилактикалық шаралар кешенін іске асыруда.

2023 жылдың қорытындысы бойынша қылмыс саны 12%-ға (130902-ден 115481-ге дейін), оның ішінде бұзақылық (-27%, 561 фактіге) төмендеді.

Мас күйде (-13%), отбасылық-тұрмыстық салада және көшелерде (-15%) жасалған құқық бұзушылықтар азайды.

«Мүлдем төзбеушілікті» қамтамасыз ету бойынша жүргізілетін жұмыс шеңберінде ішкі істер органдары 10,5 млн әкімшілік құқық бұзушылықты (+20%), оның ішінде 17 мыңнан астам (+14%) ұсақ бұзақылық фактісін анықтады.

Күн сайын қоғамдық тәртіп пен жол қауіпсіздігін сақтауға 14 мыңнан астам полиция қызметкері мен Ұлттық ұланның әскери қызметшісі жұмылдырылады.

Жедел басқару орталықтарының бейнебақылау камералары арқылы қоғамдық орындарды шолып бақылау қамтамасыз етіледі (барлығы 1 млн 266 мың камера).

Заңсыз іс-әрекет жасалу қаупі жоғары орындарда полицияның модульдік бекеттерінің жұмысы тәулік бойы режимде ұйымдастырылған, сондай-ақ полицияны шақырудың дабыл батырмалары орнатылуда.

Нысаналы жедел-профилактикалық іс-шаралар тұрақты негізде жүргізілуде («Құқықтық тәртіп», «Учаске», «Есептегі элемент», «Жасөспірім», «Балалар түнгі қалада» және т. б.).

Қоғамдық қауіпсіздікті қоғаммен әріптестік жасап қамтамасыз етудің 2024-2028 жылдарға арналған тұжырымдамасы (Үкіметтің 2023 жылғы 29 желтоқсандағы № 1233 қаулысымен бекітілген) бекітілген, ол барлық субъектілердің ортақ жауапкершілігі негізінде құқық бұзушылықтардың алдын алудың тұтас жүйесін құру мен халықпен сындарлы әріптестік орнатуды көздейді.

Қазіргі уақытта Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес құқық бұзушылықтардың профилактикасы саласында жаңа бірыңғай заң жобасы әзірленуде, ол уәкілетті органдардың нақты құзыреттерін, үйлестіру тетігі мен жеке профилактиканың құралдарын айқындайтын болады.

Жалпы уәкілетті органдар қоғамдық тәртіпті тиісті деңгейде қамтамасыз ету және құқық бұзушылықтардың профилактикасы мәселелерін ұдайы бақылауда ұстайды.

О. Бектенов

Орынд. Қ.Б. Хасенов
Тел. 75 54 43